

Смартфон

Oukitel

WP5 Pro

Мазмұны

Қауіпсіздік туралы ақпарат	3
Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсыныстар...	4
SIM-картасы және жад картасы	6
Телефонды қосу/өшіру	6
Саусақ ізі сканері	7
Желіге қосу	7
Техникалық сипаттамасы.....	7
Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары	8
Қосымша ақпарат.....	9
Кепілдік талоны.....	12

Құрметті сатып алушы!

Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және смартфонды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Смартфон — бұл ұялы байланыс желілерінде жұмыс істеуге арналған және мобильді операциялық жүйенің басқаруымен жұмыс істейтін мобильді телефон түрі.

Қауіпсіздік туралы ақпарат

Жол қозғалысы қауіпсіздігі

Мобильді телефонды автомобильді жүргізу кезінде ешқашан пайдаланбаңыз. Қоңырау шалу үшін гарнитураны пайдаланыңыз.

Әуе кемесіндегі қауіпсіздік

Әуе кемесінің бортында болғанда телефонды пайдаланбаңыз. Мобильді желінің сигналдары навигация жүйесіне кедергілер туғызуы мүмкін.

Қауіпті аймақтарда телефонды өшіру

Жарылыс қаупі болуы мүмкін атмосфера бар жерлерде немесе оңай жанғыш нысандар бар жерлерде (мысалы, жанармай құю станцияларында, отын қоймаларында және химия зауыттарында) телефонды өшіріңіз.

Арнайы ережелерді сақтау

Ауруханаларда және басқа қоғамдық орындарда телефонды пайдалану ережелерін сақтаңыз. Телефонның медициналық жабдыққа (мысалы, есту аппараттарына) кедергі жасауы мүмкін екеніне назар аударыңыз.

Қызмет көрсету

Телефонды ешқашан өз бетіңізше бөлшектеуге немесе жөндеуге тырыспаңыз. Оны арнайы рұқсаты бар тұлға ғана орындауы тиіс. Бұл шартты бұзу кепілдік міндеттемелерінің күшін жояды.

Басқа құрылғылармен байланыстыру

Телефонды қандай да бір құрылғыға қосудан бұрын нұсқаумен мұқият танысыңыз. Телефонға қосуға арналмаған жабдықты ешқашан оған қоспаңыз.

Шұғыл шақыру

Шұғыл шақыруды орындау үшін телефонның қосылғанын және оның қандай да бір оператордың желісінің жұмыс істейтін аймағында болуын және қоңырау шалу функциясының іске қосылғанын тексеріңіз. Әдеттегі телефон нөміріне қоңырау шалған сияқты әдіспен 112 шұғыл шақыру нөмірін теріп, қоңырау түймесін басыңыз. Шұғыл қызмет маманына қайда екеніңізді және сізге не болғанын түсіндіріңіз.

Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу жөніндегі ұсыныстар

Құрметті пайдаланушы! Бұл құрылғыда қуат көзі ретінде литий негізіндегі аккумулятор пайдаланылады. Төменде көрсетілген ақпаратпен мұқият танысыңыз. Ол аккумуляторыңыздың қызмет мерзімін ұзартуға және оны пайдалану кезінде жағымсыз салдарларды болдырмауға көмектеседі.

Аккумулятордың табиғи тозуы

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтағанда және пайдаланғанда аккумулятор (мәтінде әрі қарай — «АКБ») заряды мен сыйымдылығын жоғалтады. Құрылғыны пайдалану мерзімінде, зарядтау мен зарядының бітуінің 300 циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану), АКБ сыйымдылығы номинал көрсеткіштен 80%-ға дейін төмендеуі мүмкін. Зарядтау мен зарядының бітуінің 400 циклінен кейін АКБ сыйымдылығы номинал сыйымдылықтан 60%-ға дейін төмендеуі мүмкін. Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт мерзімдерінде жарым-жартылай төмендеуі АКБ табиғи тозуы болып табылады және бұл ақауға жатпайды.

АКБ құрылғыдан бөлек сақталса да зарядын жоғалтады. Зарядтың өздігінен азаюы айына шамамен 5 %. АКБ өзінің құрылымы бойынша ұзақ мерзімдік емес және пайдаланылмаса да тұрақты түрде нашарлайды. Температура жоғарырақ болған сайын және заряд мәні 40 % деп есептелетін «оңтайлы» мәнінен (сақталушылық жағынан қарағанда) алыстаған сайын бұл нашарлау қарқындырақ болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, зарядты 40–50 % деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумулятор батареясының зарядтау-зарядының бітуі мүмкіндігі оған орнатылған контроллер арқылы басқарылады. Түпнұсқалық жиынтыққа кірмейтін сыртқы зарядтау құрылғыларында мәжбүрлі «жылдам зарядтау» режимдері өте зиянды болады, себебі заряд пен зарядтың азаю токтары шектеулі.

Аккумулятор батареясында «жад әсері» жоқ. Зарядтың кез келген деңгейінен АКБ зарядын бітіруді/зарядтауды бастауға болады. Құрылғылардың көпшілігінде зарядтау-зарядты бітіру деңгейі бойынша шектеу орнатылған, мысалы, егер заряд 90%-дан жоғары болса, контроллер АКБ зарядтауға мүмкіндік бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол АКБ элементтерінің істен шығуына жол бермей, оның зарядының толығымен бітуін болдырмайды («терең разряд» әсеріне байланысты). Егер АКБ 2 апта және одан ұзағырақ уақыт зарядсыз күйде болса, оның элементтерінде сыйымдылықтың қайтымсыз жоғалу процесі болады, соның салдарынан АКБ өзі істен шығады.

Егер құрылғының АКБ заряды біткен болса және біраз уақыт пайдаланылмаған болса, құрылғыны пайдалануды жалғастырудан бұрын оны зарядтау құрылғысына шамамен 1–2 сағат қосуды қалдыру керек.

Түпнұсқалық зарядтау құрылғысын ғана пайдаланыңыз

1. Зарядтау құрылғысын телефонға қосыңыз.
2. Зарядтау құрылғысының ашасын розеткаға салыңыз.
3. Батарея заряды деңгейінің индикаторы батарея толығымен зарядталғанша жыпылықтайды.
4. Зарядтау кезінде әдетте батарея қызады, бұл қалыпты жағдай болып табылады.

Назар аударыңыз: зарядтау құрылғысы тиісті жалғағышта тұрғанын тексеріңіз. Әйтпесе телефон зарядталмайды. Желідегі кернеу деңгейі мен қуат зарядтау құрылғысының номинал кернеуі мен қуатына сәйкес келетінін тексеріңіз. Батареяның заряды толығымен біткен болса, зарядтау индикаторы дисплейде біраз уақыт өткеннен кейін көрінеді. Сонан соң телефонды пайдалануды бастай аласыз.

Температуралық режимді сақтаңыз

АКБ зарядталған күйде +15 °C және +35 °C аралығындағы температурада сақталуы тиіс. АКБ қоршаған ортадағы өте жоғары (50 °C мәнінен жоғары) және өте төмен (–30 °C мәнінен төмен) температураларда ұзақ уақыт пайдалануға нашар төзеді. Құрылғыға күн сәулесінің тікелей түсуіне жол бермеңіз және оны электрқыздырғыш сияқты жылу көзіне жақын қалдырмаңыз.

Зақымдалу белгілері бар АКБ бөлшектемеңіз, өртемеңіз, пайдаланбаңыз

Ешқашан АКБ өз бетіңізше бөлшектемеңіз және оның элементтерін зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар ғана орындауы керек. Элементтердің тесілуі немесе жаншылуы ішкі қысқа тұйықталуға және соның нәтижесінде тұтануға және жарылысқа әкелуі мүмкін. АКБ корпусында саңылау пайда болса, элементтің ішіне су кіруі немесе онда атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін және бұл сутек пайда болатын реакцияға және тұтануға әкелуі мүмкін.

Зақымдалған АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды бөліп шығарады. Егер АКБ қалыпты режимде жұмыс істеуін тоқтатса, қандай да бір себепке

байланысты деформацияланса (ісіну, тартылу және т.б.), ресми қызмет көрсету орталығына дереу хабарласу керек.

Назар аударыңыз: АКБ жұмыс уақыты желінің (Wi-Fi, 3G, LTE) параметрлеріне және көптеген басқа факторларға (орталық процессор, өатты диск жүктемесі, LCD дисплейінің жарықтығы және т.б.) тәуелді болады; нақты жұмыс уақыты көрсетілген мәнге сәйкес келмеуі мүмкін. АКБ зарядтау циклінің саны шектеулі және біраз уақыттан кейін оны ауыстыру қажет болуы мүмкін (АКБ үшін шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). АКБ жұмыс уақыты пайдалану режиміне және параметрлерге тәуелді болады.

Батареяның оңтайлы жұмыс істеуі үшін мына ережелерді сақтаңыз

- Аккумулятор батареясын басқа түрдегі (сәйкес келмейтін) батареяға ауыстыру, батареяны дұрыс орнатпау телефонның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Батарея жаңа болса немесе ұзақ мерзімде пайдаланылмаса, зарядтау процесі әдеттегіге қарағанда ұзағырақ уақытқа созылуы мүмкін. Батареяның кернеуі телефонды қосу үшін жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз. Батареяның заряды толығымен біткен болса, зарядтау индикаторы дисплейде біраз уақыт өткеннен кейін көрінеді.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Батареядан жағымсыз иіс шықса немесе ол қызып кетсе, зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

SIM-карталары және жад картасы

SIM-картасында мынадай маңызды ақпарат болады: телефон нөміріңіз, PIN-коды (пайдаланушының жеке коды), PIN2-коды, PUK-коды (PIN-кодын блоктан шығаруға арналған жеке код), PUK2-коды (PIN2-кодын блоктан шығаруға арналған жеке код), IMSI идентификаторы (мобильді байланыс абонентінің халықаралық идентификаторы), желі туралы ақпарат, телефон кітабыңыздағы контакт деректері және мәтіндік хабарлар.

Телефонды өшіргеннен кейін, SIM-картасын салудан немесе шығарудан бұрын бірнеше секунд күтіңіз. SIM-картасын абайлап ұстаңыз, себебі SIM-картасы мен оның контактілері өте оңай тырналады немесе майысады. Телефонды, оның аксессуарларын және SIM-картасын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Телефонды қосу/өшіру

- Телефонды қосу үшін **POWER** түймесін біраз басып тұрыңыз. Экранда қуат көзінің қосылу анимациясы көрінеді.
- Телефонды блоктау құпиясөзін енгізіңіз (қажет болса) және растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

- PIN кодын енгізіңіз (қажет болса) және растау үшін **OK** түймесін басыңыз. PIN кодын желі операторы береді.
- Телефонды өшіру үшін **POWER** түймесін басып тұрыңыз.

Желіге қосу

SIM-картасын салып, телефонды блоктан шығарғаннан кейін қолжетімді ұялы байланыс желісі автоматты түрде анықталады. Сонан кейін телефон пайдаланудың белсенді режиміне ауысады. Экранда пайдаланылатын желінің атауы көрінеді және қоңырау шалуға және қоңырау қабылдауға болады.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: WP5 Pro.
- Операциялық жүйе: Android™ 10.
- Дисплей: 5.5", ажыратымдылығы 1440 x 720.
- Процессор: MediaTek MT6762D 1.8 ГГц + 1.5 ГГц.
- Тұрақты жад: 64 Гб.
- Оперативтік жад: 4 Гб.
- Өлшемдері (ұ/е/б): 153.8 x 74.2 x 19 мм.
- Батареяның сыйымдылығы: 8000 мАсағ.
- Негізгі камера: 13 Мп.
- Алдыңғы камера: 5 Мп.
- Сымсыз модульдер: Wi-Fi, BT, 3G, 4G, GPS.
- Жад карталарына қолдау көрсету: microSD.
- OTG функциясы.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе қосымша бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C және 40 °C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны шаңның, ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны электр және электрондық жабдықтарды қабылдайтын тиісті орынға утилизациялау үшін тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялау арқылы табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған орта мен адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз. Бұл өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорынан алуға болады.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Юньцзи Интеллидженд Тэктолоджи Ко., Лтд.
А жағы, А2 ғимараты, 5/Ғ Инэт жаңа өнеркәсіптік паркі, Дафу № 20 өнеркәсіптік аймағы, Аобэй Комьюнити, Гуаньлань, Лунхуа жаңа ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Өнім туралы техникалық сипаттамалар мен ақпарат пайдаланушыға ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта келтірілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Тауар «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» 037/2016 ЕАЭО ТР Еуразиялық экономикалық одақ техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Кепілдік талоны

SN/IMEI:

Кепілдікке қойылған күні:

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілдік бойынша қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді.

Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Смартфон

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Жиынтықтағы аккумулятор батареясы және зарядтау құрылғысы

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Жиынтықтағы басқа аксессуарлар

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін орындамайды:

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей тағайындалуына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды бұзу, қосу (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау қағидаларын сақтамау салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған зақымданулар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, жапырылу және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде модификациясының, рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің дизайнының немесе схемасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғат апаттары, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөтен дененің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан пайда болған ақау өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелді.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құралдың әсерінен; БҚ жеткізушінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты олардан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат беретін, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымдалулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) тұтыну материалдарын, керек-жарақтарын, қосалқы бөлшектерді, қуат көзі элементтерін, әртүрлі ақпарат тасымалдағыштарды (соның ішінде, CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM-карталары, картридждер) пайдалануға байланысты болғанда.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті (әуендер, графика, видео және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса.
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.

